

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту  
бөлімінің басшысы А.Батырбековаға,  
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің  
әмшілігінен

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде Сыбайлас жемқорлық пен күрес және  
оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі бойынша атқарылған іс-шаралар  
туралы

### М Ә Л І М Е Т.


«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің №230 -01 18/1386 11.04.2023 ж. хатын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ( Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаментінің 06.04.2023 ж.№28-1-3/824-И хаты негізінде «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫНА сәйкес мектепшілік №29.11.04.2023 ж. бұйрығы шығарылып, жоспар аясында атқарылған жұмыстарды ұйымдастыру үшін жауапты етіп тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.Жаппаров бекітілді. КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫ негізге ала отырып мектепшілік іс-шаралар жоспары жасап бекітірілді. 1.Жоспар негізінде 20.04.2023 ж. күні, педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша семинар өткізілді. Сыбайлас жемқорлық – індет. Себебі ол, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына, елдің қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті өзінің әрбір жолдауында осы індеттің алдын алудағы мемлекеттің басты бағыттарын айқындап отырды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы да өзінің жолдауында жемқорлықтың түп-тамыры жойылғанша күрес жүргізілетінін жеткізді. Жаңа заман жастары білімен қатар адалдық, парасаттылық, әділдік пен сенім деген адами құндылықтарды да бойына сіңіруі қажет- деп өз сөзін аяқтады. Соңынан тақырып аясында слайдтар және роликтер көрсетілді. Өткізілген семинар туралы әлеуметтік желіге жарияланды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0qg7WPQps1h29PPy8L5HHMdvSANmQQe9sL4tiHs47Fq2ZELfptae2mquKp35mcfyNI&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=SDPeIY](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0qg7WPQps1h29PPy8L5HHMdvSANmQQe9sL4tiHs47Fq2ZELfptae2mquKp35mcfyNI&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=SDPeIY)






2. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Заңсыз алымдарға тыйым салу туралы мектеп директорының №37 н/қ 21.04.2023 жылғы бұйрығы жарияланып, ата-аналар мен мұғалімдерді бұйрық мәтінімен таныстырылды. Бұйрық мәтіні әлеуметтік желіге жарияланды. [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02ykQTpTsQGx25SgASfJmKK1r2QghnpbHQR3umAunAHRHe5Rgi2cxFycDXMDHjj9hYI&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=RUBz1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02ykQTpTsQGx25SgASfJmKK1r2QghnpbHQR3umAunAHRHe5Rgi2cxFycDXMDHjj9hYI&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=RUBz1f)




3. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендтерді әзірлеп және жаңарту жұмыстары жүргізілді.






4. «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде, қыркүйек айында «Адал ұрақ» еріктілер клубының жылдық іс – шаралар жоспары жасап бекітірілді. Мектепте «Адалұрақ» еріктілер клубының жұмыстары жандалдырылды. Жоспар негізінде 2а-2б – сынып жетекшілері М.Қурбанбаева, М.Егембердиевалар «Адалдық адамдықтың белгісі» тақырыбында зейнеткер ұстаз С.Шакаровамен кездесу ұйымдастырды.



3А - 3Б - сынып жетекшілері Д.Мирзаханова, У.Мамитовалар «Адалдық жолында аянбайық» тақырыбында тәрбие сағаттар өтті.



6А – 6Б – сынып жетекшілері Р.Мамитова, У.Абдумуратовалар «Адалдық пен әділдік» тақырыбында ауылдағы қоғам белсендісі, ақын жазушы П.Бабажановпен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында П.Бабажанов оқушыларға адалдық пен әділдік туралы насихаттар айтып, өмірде болған жағдайлар туралы көптеген оқиғаларды мысал ретінде әңгімелеп берді.

8 -9 – сыныптарда «Адалдық ең асыл қасиет» тақырыбында эссе жазса, 10 – 11 – сыныптарда « Менің анам- адал адам», «Менің әкем – адал адам» тақырыбындағы бейне роликтерін дайындады.





5.«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары жасап бекітілген. Жоспар аясында сауір айында «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында тазалық айлығы ұйымдастырылды. Аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушылардың бос уақытын пайдалы бағытқа бұру мақсатында «Менің қызығушылығым» тақырыбында сауалнама алынды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында 25 оқушыны тегін демалыс лагерлеріне жіберуді ұсынды.



Мектеп директоры. М.Изатуллаева.





**Бұйрық**

№ 29 н/к

11.04.2023 ж

Қосқорған

ауылы

«Жастар арасындағы

сыбайлас жемқорлыққа

қарсы мәдениетті қалып-

тастыру жөніндегі

іс-шаралардың» орындалуы

туралы

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің № 230-01-18/1386  
11.04.2023 жылғы хатын басшылыққа алып, орындау мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Түркістан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының бірлескен «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар кешенді жоспары» мен ұжымды таныстыра отырып, жоспар негізінде мектепшілік іс-шаралар жоспарын жасап бекіттіру тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.Жаппаровқа жүктелсін.

2. Мектептегі «Адал ұрпақ» еріктілер клубының жұмысы жандандырылсын. Жұмыс жоспары жасап бекіттірілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасауды өз құзыретімде қалдырамын.

Мектеп директоры:



М.Изатуллаева





«Бекітемін»

Мектеп директоры

М.Изатуллаева.

**«Қос – Қорған» жалпы орта мектебінде жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар**  
**КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Ескерту
1	Мектеп әкішілігі, педагог қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша (семинарлар) түсіндірме жұмыстарын жүргізу. <i>14.04.2023</i>	Білім беру ұйымының ресми интернет – ресурстарында, әлеуметтік желілердегі парақшаларда орналастыру, СЖҚІҚА атқарылған жұмыстар бойынша тармақтың орындалуы туралы ақпараттық мәлімет дайындау.	Токсан сайын <i>(Наурыздың 25-і мамырдың 25 –і қыркүйектің 25 –і желтоқсанның –25 – і)</i>	М.Изатуллаева Комиссия мүшелері	Кестеге сәйкес
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша тәжірибе алмасу бойынша диалог алаңдарын ұйымдастыру.	Әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған табысты практикалар мен жарыяланымдар тізімін жолдау.	Жарты жыл сайын <i>( мамырдың 25 –і желтоқсанның 25 -і)</i>	Комиссия мүшелері	
3	Ата-аналар жиналысын	СЖҚІҚА мекенжайына	Жарты жыл	Мектеп әкімшілігі	Буклеттерді түсіндіру



	өткізу барысында заңсыз ақшалай қаражат жинаудың, мерекелер қарсаңында мұғалімдер мен ата-аналар арасында сыйлық берудің жауапкершілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	атқарылған жұмыстар туралы жиындық ақпарат беріп отыру.	(мамырдың 25 –і қазанның – 25 і)	комиссия мүшелері	және тарату
4	Мектепте заңсыз алымдарға тыйым салу туралы бұйрықты жарыялау. ✓	Мектептің ресми интернет-ресурстарында орналастырылған мәтініне сілтеме.	I тоқсан (наурыздың 25 -і)	М.Изатуллаева	Ата-аналар мен мұғалімдерді бұйрық мәтінмен таныстыру
5	Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендтерді әзірлеу және жаңарту. ✓	Тармақтардың орындалуы туралы жиындық ақпарат жолдау, стенд эскизі.	I тоқсан (наурыздың 25 -і)	Комиссия мүшелері	
6	Мектепте «Adal играқ» клубтарының қызметіне мониторинг жұмыстарын жүргізу. ✓	Жиынды ақпарат жолдау	I тоқсан (наурыздың 25 -і)	Д.Жумашова Х.Нарзулла	Көрсетілген кесте түрінде рәсімдеу, клут туралы толық мәлімет, басшысының байланыс деректері, аты-жөні. Конкурстар және іс-шаралар: «Адалдық ең асыл қасиет» эссесі, «Менің анам –адал адам», «Менің әкем – адал адам» бейнероликтері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы суреттер, әлеуметтік жарнамалар, плакаттар т.б.



7	Ұлы тұлғалардың адалдық, парасаттылық туралы өлеңдері мен нақыл сөздерін жатқа айту бойынша ашық сабақтар ұйымдастыру.	Әлеуметтік желілердегі парақшаларына орналастыру, СЖҚІҚА атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беру.	Жарты жыл <i>(мамырдың 25 –і қазанның 25 –і)</i>	Сынып жетекшілер	5 – 11 сыныптар
8	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі далдау жүргізу.	Талдау қортындысы бойынша талдамалық анықтама сілтеме. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту.	II тоқсан <i>(маусымның 5 -і)</i>	Комиссия мүшелері	Бұйрыққа кәсіподақ ұйымының, ата-аналар мен сарапшылар қоғамының өкілдері, педагогтерді қосу.
9	Мекеме басшыларының қатысуымен БАҚ және әлеуметтік желілерде сұхбат орналастыру.	Әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған сұхбаттарға және тезистердің мәтіндерінен сілтеме жолдау.	II тоқсан <i>(мамырдың 25 -і)</i>	Мектеп әкімшілігі	Статистикалық деректерді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қабылданып жатқан шаралары туралы.
10	Жоғары сынып оқушылары арасында TEDx форматында әртүрлі салаларда жетістікке жеткен спикерлерді шақыра отырып кездесулер өткізу.	Шақырылған спикерлер мен білім беру ұйымының әлеуметтік желідегі парақшасына жариялау	Жарты жыл <i>(мамырдың 25-і)</i>	Б.Бабажанов	Мүмкіндігінше аймақтың дамуына үлес қосқан спикерлерді шақыру
11	Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңестер жұмысына мониторинг жасау	СЖҚІҚА мекен –жайына ұсынымдары бар талдамалық анықтамалар жолдау	Сәуір айының 25 - і	Жұмысшы топ	
12	Мектеп басшысының ата-аналар жұртшылығымен есептік кездесу өткізу.	СЖҚІҚА мекен –жайына білім беру мекемесінің тізбесін көрсете отырып, тармақтың орындалуы туралы ақпарат жолдау.	Мамыр айының 25 -і	Мектеп әкімшілігі	СЖҚІҚА өкілдерінің қатысуымен



13	Балаларға, жастарға, жас педагогтарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазғы мектеп өткізу.	Білім беру ұйымының ресми интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерінде парақшаларында орналастырылған жарияланымдар.	Демалыс кезінде ай сайын 25 -і	Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы СЖҚҚА	Іс-шаралар «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ жазғы лагерлері мен жас педагогтардың жыл сайынғы слеттері негізінде өткізілуі мүмкін.
14	Парасаттық пен Академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Адалдық сағаты» бірыңғай сағатын өткізу	Атқарылған іс-шаралар қортындысын әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған жарияланымдар.	Жылына 1 рет (қыркүйек айының 10 -і)	Сынып жетекшілері	Негізгі материалдарды МР камтамасыз ете отыра (бейнеролик, презентация және басқа нысан түрінде)
15	Республика күніне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта оқушылар арасында пікірталас турнирін өткізу	Әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған жарияланымдар, анонстар мен қортындылар.	Қазан айының 20-на дейін	Д.Жунешов Сынып жетекшілер	Шешімдер қоғамның өзекті тақырыптарында болуы керек.
16	Жастар көшбасшылары үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шеберлік сыныптарын өткізу.	Әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған жарияланымдар	IV тоқсан (желтоқсанның 25 -і)	Жұмысшы топ	
17	Сыйақы үшін сағаттарды бөлуді болдырмау мақсатында, ашықтықты, заңдылықты қамтамасыз ету үшін сағат бөлу кезінде комиссия құрамына БАҚ және Қоғамдық кеңес өкілдерін қатыстыру.	Әлеуметтік желілердегі парақшаларында орналастырылған жарияланымдар	Қазан айының 10-на дейін	Комиссия мүшелері	



Бұйрық

№ 37 н/к

21.04.2023 ж

Қосқорған  
ауылы  
Мектепте заңсыз  
алымдарға тиым  
салу туралы

Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру,  
сыбайлас жемқорлыққа бой алдырмау, алдын алу мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларынан ақша жинаудың кез-келген әрекетіне қатаң тиым салынады.

Атап айтқанда

- . Мерекелік іс-шараларға
- . Мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге сыйлық алуға
- . Мектептің жөндеу жұмыстарына, санитарлық заттарын, шаруашылық заттарын сатып алуға және тағы басқа мақсатта ата-аналардан және ата-аналар комитеті атынан ақша жинауға және бітіруші 4,9,11-сыныптардан ақша жинауға қатаң түрде тыйым салынады.

2. Осы бұйрықтың орындалуын басшылыққа алып, бұйрықпен танысқандығы туралы қолдарын қойдырып, түсіндірме жұмыстарын педагогтар арасында жүргізу тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.Жаппаровқа жүктелсін.

Мектеп директоры:  М.Изатуллаева







**«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 01-09.09.2022 ж. күндері аралығында  
өткізілген «Адалдық сағаты» туралы**

**М Ә Л І М Е Т.**

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Түркістан облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік меемесінің хаты негізінде мектепшілік бұйрық шығарылып, іс-шара жоспары жасап бекітілді. Жоспар аясында 2а-2б – сынып жетекшілері М.Қурбанбаева, М.Егембердиевалар «Адалдық адамдықтың белгісі» тақырыбында зейнеткер ұстаз С.Шакаровамен кездесу ұйымдастырды.



3А - 3Б - сынып жетекшілері Д.Мирзаханова, У.Мамитовалар «Адалдық жолында аянбайық» тақырыбында тәрбие сағаттар өтті.



6А – 6Б – сынып жетекшілері Р.Мамитова, У.Абдумуратовалар «Адалдық пен әділдік» тақырыбында аулдағы қоғам белсендісі, ақын жазушы П.Бабажановпен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында П.Бабажанов ағай оқушыларға адалдық пен әділдік



туралы насихатар айтып, өмірде болған жағдайлар туралы көптеген оқығаларды мисал ретінде әңгімелеп берді.

8А -8Б – сыныптарында «Адалдық-асыл қасиет» , 10А – 10Б – сыныптарында «Адалдық жүрген жерде – адамдық жүреді» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өтті.

08.09.2022 ж. күні мектептің 9-10-11-сынып оқушыларының қатысуымен «Адалдық сағаты» өткізілді. Сабақты мектеп директоры М.Изатуллаева жүргізді. «Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ» немесе «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» негізімен өтіпжатқан адалдық сағатына қош келдіңіздер.Бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен бүкіл Республика көлеміндегі оқу орындарында бірыңғай «Адалдық сағаттары» отіп жатыр.

Жемқорлық – індет, оның алдын алу міндет.

Себебі ол, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына ,елдің қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіреді. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Президенті өзінің әрбір жолдауында осы індеттің алдын алудағы мемлекеттің басты бағыттарын айқындап отырды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы да өзінің жолдауында жемқорлықтың түп-тамыры жойылғанша күрес жүргізілетінін жеткізді.Жаңа заман жастары білімен қатар адалдық, парасаттылық, әділдік пен сенім деген адами құндылықтарды да бойына сіңіруі қажет- деп өз сөзін аяқтады. Соңынан тақырып аясында слайдтар және ролктер көрсетілді.

Мектеп директоры:

М.Изатуллаева.



«Қос-қорған» жалпы орта метебі КММ

# **Адалдық – адамдықтың белгісі**

(тәрбие сағаты)

2 «А» сыныбы

2022-2023 оқу жылы

Өткізген: Қурбанбаева Муқаддас



**Тақырыбы:** Адалдық – адамдықтың белгісі

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру:**

Балалар оң қолдарымен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук- тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір- бірімізді жылытайық. Бір –бірінің қолдарын ұстасады. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болуымыз керек.

**I-бөлім- сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**II-бөлім- адалдық, адамдық туралы мақал-мәтелдерге түсінік беру.**

**III-бөлім- ситуациялық сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**I-бөлім.**

1. Жалпы адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Адал болу кез-келген адамның қолынан келмейді? Неліктен?
4. Ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Сен өзіңді адал жанмын деп айта аласың ба?

**II-бөлім.**

Мақал-мәтелхалық даналығының бір түрі. Олардың тақырыптары да әр алуан. Мақалмәтелдің мағына - мәні де терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Ендеше бүгінгі адалдық тақырыбындағы мақалмәтелдерді айта отырып, мағынасын түсіндіріп өз ойымызды білдірсек. Бүгінгі тақырыбымыз «Адалдық жүрген жерде адамдық



жүреді»дегенді қалай түсінесіңдер? Оқушылар өз түсініктерін, өз ойларын айтты. Осы тақырыпта тағы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

III-бөлім.

Бүгінгі кешімізге келген қонақтарымызға дайындаған ситуациялық сұрақтарымыз бар. Ендеше кезек берейік. Шакарова Сайёра апайға.

1. Сенің Айнұр шын сырлас, мұңдас досың. Ол сыныбыңдағы Айгүлмен ренжісіп қалады да саған келіп Айнұрдың кемшіліктерін айтып досыңды жамандады. Сенің әрекетің?

2. Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көрді. Менің қалтамда апамның «самса алып жерсің» деп берген ақшасы бар. Кеттік, кино көрейік,- деді. Алмагүл: Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,- деп іркіліп қалды. Ештеңе етпес, «мектепте болдық» деп айта саламыз. Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?

3. Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнде кешке қарай мені өзімен бірге серуендеп жүруге шақырады. Ол: «менің анам, сенімен бірге жүргенімді білсе, ол қарсы болмайды», - дейді. Досым үйінде атаанасы ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым.. Басын да мен қиналмастан, оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұмытпайтын болдым. Менің досымнан ажырағым келмейді. Сонда менің не істеуім керек? Сендер баланың сұрағына қалай жауап берер едіңдер? Қазақ халқы қандай да бір дау шықса билерге барып істің аққарасын, әділдігін шешеді. Ендеше бүгінгі кешімізге оқушылардың дайындап келген адалдық жайында ертегілері бар екен. Соларға кезек берейік. Білім мен өнерді сүй, сусында, деп айтсын ел «Осындай ер тусын да!» Арың адал, әділ болсаң әрқашан, Дүниенің бар бақыты уысында. Түспегені абзал ғой арға дақтың, Күйін кешпе түнде ұшар жарғанаттың, Адал адам әрқашан-еңсесі тік, Әділдікті ту еткін, қолғанатым.

Слайд тамашалау.

**Қорытынды**

«Жалғастыр»



*«Не істеуге болмайды?».*

- *Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)*
- *Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)*
- *Құстарды.....(атуға болмайды.)*
- *Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)*
- *Сабақтан.....(кейігуге болмайды.)*
- *Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)*

*«Не істеу керек?»*

- *Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)*
- *Үлкеннің тілін.....(алу керек..)*
- *Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)*
- *Кішілерді.....(қамқорлау керек.)*
- *Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.)*

*Бүгінгі кеште ойымызды ортаға салып адалдық, адамдық туралы көп нәрселер айтылды. «Адалдық-адамдықтың белгісі» демекші осы өмірде адал болып, тек адалдық істер істеп адамдығымызды көрсетіп, кейінгіге үлгі болып жүрейік.*



Адалдык -

адамгершіліктің

белгісі










*Мақсаты:*

*Адамның бойындағы ұнамды-  
ұнамсыз қасиеттерді айта отырып,  
оқушыларды адамгершілікке  
тәрбиелеу, адам бойындағы асыл  
қасиеттерді бағалай білуге  
адамдармен жақсы қарым-қатынас  
дағдыларын жасауға баулу.*





Адамгершілікке  
не  
жатады?  
(видео ролик)





# Адамгершілік:

Татулық

Аяушылық

Сыйластық

Адалдық

Шыншылдық

Кішіпейілділік

Мейірімділік

Сенімділік



## *Маржан сөздер сыр шертеді...*

1. *Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, ұстаздан болады (Абай)*
2. *«Жақсылық істеуден жалықпа, істеген жақсылығыңа өкімбе!» (Кабуснама)*
3. *Жақсы адам жолдасынан белгілі*
4. *Биікке шықсаң көзің ашылады,  
Жақсымен сөйлессең көңілің ашылады.*
5. *Жақсы адам – елдің ырысы,  
Жақсы сөз - жанның тынысы.*
6. *Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі,  
Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі.*



# Тренинг






Тугаривой билан эгзивой

Эртаги.




A decorative border with floral and scrollwork patterns surrounds the text. The border is composed of repeating floral motifs and scrollwork elements, creating a frame around the central text.

Адамдар бір-біріне жақсылық  
жасаудан жалықпаса, өмірде  
сыйластық, қамқорлық, достық,  
сүйіспеншілік қарым-қатынаста  
болады, ал қоғамда  
татулық, бірлік, ынтымақ орнайды.



*Назарларыңызға  
рахмет!*





«Қос-қорған» жалпы орта метебі КММ

# **Адалдық – адамдықтың белгісі**

(тәрбие сағаты)

2 «Б» сыныбы

2022-2023 оқу жылы

Өткізген: Егембердиева Машхура



**Тақырыбы:** Адалдық – адамдықтың белгісі

**Тәрбие сағатының мақсаты:** Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т. б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру:**

Балалар оң қолдарымен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук- тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір- бірімізді жылытайық. Бір –бірінің қолдарын ұстасады. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі тұрғындарға апарып көмектесейік. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болуымыз керек.

**I-бөлім- сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**II-бөлім- адалдық, адамдық туралы мақал-мәтелдерге түсінік беру.**

**III-бөлім- ситуациялық сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**I-бөлім.**

1. Жалпы адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Адал болу кез-келген адамның қолынан келмейді? Неліктен?
4. Ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Сен өзіңді адал жанмын деп айта аласың ба?

**II-бөлім.**

Мақал-мәтелхалық даналығының бір түрі. Олардың тақырыптары да әр алуан. Мақалмәтелдің мағына - мәні де терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Ендеше бүгінгі адалдық тақырыбындағы мақалмәтелдерді айта отырып, мағынасын түсіндіріп өз ойымызды білдірсек. Бүгінгі тақырыбымыз «Адалдық жүрген жерде адамдық



жүреді»дегенді қалай түсінесіңдер? Оқушылар өз түсініктерін,өз ойларын айтты.Осы тақырыпта тағы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

III-бөлім.

Бүгінгі кешімізге келген қонақтарымызға дайындаған ситуациялық сұрақтарымыз бар. Ендеше кезек берейік. Шакарова Сайёра апайға.

1. Сенің Айнұр шын сырлас, мұңдас досың. Ол сыныбыңдағы Айгүлмен ренжісіп қалады да саған келіп Айнұрдың кемшіліктерін айтып досыңды жамандады. Сенің әрекетің?

2. Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көрді. Менің қалтамда апамның «самса алып жерсің» деп берген ақшасы бар. Кеттік, кино көрейік,- деді. Алмагүл: Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,- деп іркіліп қалды. Ештеңе етпес, «мектепте болдық» деп айта саламыз. Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?

3. Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнде кешке қарай мені өзімен бірге серуендеп жүруге шақырады. Ол: «менің анам, сенімен бірге жүргенімді білсе, ол қарсы болмайды», -дейді. Досым үйінде атаанасы ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым.. Басын да мен қиналмастан, оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұмытпайтын болдым. Менің досымнан ажырағым келмейді. Сонда менің не істеуім керек? Сендер баланың сұрағына қалай жауап берер едіңдер? Қазақ халқы қандай да бір дау шықса билерге барып істің аққарасын, әділдігін шешеді. Ендеше бүгінгі кешімізге оқушылардың дайындап келген адалдық жайында ертегілері бар екен. Соларға кезек берейік. Білім мен өнерді сүй, сусында, Деп айтсын ел «Осындай ер тусын да!» Арың адал, әділ болсаң әрқашан, Дүниенің бар бақыты уысында. Түспегені абзал ғой арға дақтың, Күйін кешпе түнде ұшар жарғанаттың, Адал адам әрқашан-еңсесі тік, Әділдікті ту еткін, қолғанатым.

Слайд тамашалау.

**Қорытынды**

«Жалғастыр»



*«Не істеуге болмайды?».*

*- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)*

*- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)*

*- Құстарды.....(атуға болмайды.)*

*- Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)*

*- Сабақтан.....(кешігуге болмайды.)*

*- Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)*

*«Не істеу керек?»*

*- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)*

*- Үлкеннің тілін.....(алу керек..)*

*- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)*

*- Кішілерді.....(қамқорлау керек.)*

*- Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.)*

*Бүгінгі кеште ойымызды ортаға салып адалдық, адамдық туралы көп нәрселер айтылды. «Адалдық-адамдықтың белгісі» демекші осы өмірде адал болып, тек адалдық істер істеп адамдығымызды көрсетіп, кейінгіге үлгі болып жүрейік.*



*«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі*

# *Тәрбие сағат*

*Адалдық жолынан  
айнымайық.*

*Дайындаған : бастауыш сынып*

*мұғалімі У.Мамитова*



## Адалдық жолынан айнымайық!

Мақсаты: 1.Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу,сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту,оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру.

2. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттері дамиды; дүниетанымдары кеңейеді.

Көрнекілігі: слайдтар, таратпа қағаздар. Өткізудің формасы: Тәрбие сағаты  
Өткізудің технологиясы мен әдістер: баяндама,мәнерлеп оқу, сұрақ - жауап, видеоролик

Сабақтың барысы:

1 - жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бүгінгі біздің «Адалдық жолынан айнымайық» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!! Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты өскелең жас ұрпақты адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез-келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан-дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді.

Адалдық өмірінде керек нәрсе,

Ол да гүлдеп, нұрланар көңіл бөлсе.

Халыққа өз пайдасын тигізе алмай,

Адам боп, өзін-өзі меңгермесе,- демекші әр адам дүние есігін ашып шыр етіп өмірге келген күннен бастап жүрек қалауымен , ата-анасының берген тәрбиесімен, жақсылық жамандықты көре жүріп өмір сүре бастайды. Келген қонақтар, оқушылар адалдық, адамдық жайында ойымызды ішімізге бүкпей ортаға сала отырайық. Бүгінгі сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

I-бөлім- сұрақтарға өз ойын білдіру.

II-бөлім- адалдық, адамдық туралы мақал-мәтелдерге түсінік беру.

III-бөлім- ситуациялық сұрақтарға өз ойын білдіру.

I-бөлім.

1. Жалпы адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?



2. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Адал болу кез-келген адамның қолынан келмейді? Неліктен?
4. Ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Сен өзінді адал жанмын деп айта аласың ба?

## II-бөлім.

Мақал-мәтел- халық даналығының бір түрі. Олардың тақырыптары да әр алуан. Мақал-мәтелдің мағына -мәні де терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Ендеше бүгінгі адалдық тақырыбындағы мақал-мәтелдерді айта отырып, мағынасын түсіндіріп өз ойымызды білдірсек.

1. Адамгершілік болмай,  
Әділдік болмас.
2. Адамның ұяты бетінде,  
Адамгершілігі ниетінде.
3. Адалдық — ардың ісі.
4. ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ СҰМДЫҚ КӨП.
5. Адамның әдемілігі шыншылдығында.
6. Ақихат сөзде алалық жоқ.
7. Әділ айтқан жеңер.
8. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
9. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады,  
Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

## III-бөлім. Дайындаған ситуациялық сұрақтарымыз бар. Ендеше кезек берейік.

1. Сенің Айнұр шын сырлас, мұндас досың. Ол сыныбындағы Айгүлмен ренжісіп қалады да саған келіп Айнұрдың кемшіліктерін айтып досыңды жамандады. Сенің әрекетің?
2. Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көрді. Менің қалтамда апамның «самса алып жерсің» деп



берген ақшасы бар. Кеттік, кино көрейік,- деді. Алмагүл: Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,- деп іркіліп қалды. Ештеңе етпес, «мектепте болдық» деп айта саламыз. Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?

Сендер баланың сұрағына қалай жауап берер едіңдер?

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңізді пайдалануға тырысыңыздар .

Кері байланыс: Жүректен жүрекке

Мұғалім балалардың шеңберге тұрып, сыныптас достарымен қол ұстасып өз бойларындағы жақсы қасиеттерін таныту мақсатында және алған білімдерін қорытындылау үшін бір-біріне жүрекжарды тілектерін айтуды ұйымдастырады.

Сонымен бүгінгі біздің «Адал жол » тақырыбындағы тәрбие сағатымызды жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер. Назар қойып тыңдағандарыңызға Рахмет.

Сынып жетекші: У.Мамитова







«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі

3- «Б» сынып

# Тәрбие сағаты

**Тақырып: *Адалдық  
жолынан айнымайық***

Мұғалім: Мирзаханова Д.

Қос-Қорған 2022



«Адалдық жолынан айнымайық» тақырыбындағы сынып сағаты  
Мақсаты:

1. Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру.

2. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттері дамиды; дүниетанымдары кеңейеді.

Көрнекілігі: слайдтар, таратпа қағаздар.

Өткізудің формасы: Тәрбие сағаты

Өткізудің технологиясы мен әдістер: баяндама, мәнерлеп оқу, сұрақ - жауап, видеоролик

### Сабақтың барысы:

1 - жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар мен оқушылар. Бүгінгі біздің «Адалдық жолынан айнымайық» атты ашық тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!!

Бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымыздың мақсаты өскелең жас ұрпақты адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез-келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан-дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді.

Адалдық өмірінде керек нәрсе,

Ол да гүлдеп, нұрланар көңіл бөлсе.

Халыққа өз пайдасын тигізе алмай,

Адам боп, өзін-өзі меңгермесе,- демекші әр адам дүние есігін ашып шыр етіп өмірге келген күннен бастап жүрек қалауымен, ата-анасының берген тәрбиесімен, жақсылық жамандықты көре жүріп өмір сүре бастайды. Келген қонақтар, оқушылар адалдық, адамдық жайында ойымызды ішімізге бүкпей ортаға сала отырайық. Бүгінгі сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

Тәрбие сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

**I-бөлім- сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**II-бөлім- адалдық, адамдық туралы мақал-мәтелдерге түсінік беру.**

**III-бөлім- ситуациялық сұрақтарға өз ойын білдіру.**

**I-бөлім.**

1. Жалпы адалдық дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Адал дос дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Адал болу кез-келген адамның қолынан келмейді? Неліктен?



4. Ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу дегенді қалай түсінесіңдер?

5. Сен өзіңді адал жанмын деп айта аласың ба?

### **II-бөлім.**

Мақал-мәтел- халық даналығының бір түрі. Олардың тақырыптары да әр алуан. Мақал-мәтелдің мағына -мәні де терең, аз сөзбен көп мағынаны, үлкен ойды жеткізеді. Ендеше бүгінгі адалдық тақырыбындағы мақал-мәтелдерді айта отырып, мағынасын түсіндіріп өз ойымызды білдірсек.

1. Адамгершілік болмай,

Әділдік болмас.

2. Адамның ұяты бетінде,

Адамгершілігі ниетінде.

3. Адалдық — ардың ісі.

4. ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ СҰМДЫҚ КӨП.

5. Адамның әдемілігі шыншылдығында.

6. Ақихат сөзде алалық жоқ.

7. Әділ айтқан жеңер.

8. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.

9. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады,

Саудаң әділ болмаса нарық бұзылады.

**III-бөлім.** Дайындаған ситуациялық сұрақтарымыз бар. Ендеше кезек берейік.

1. Сенің Айнұр шын сырлас, мұндас досың. Ол сыныбындағы Айгүлмен ренжісіп қалады да саған келіп Айнұрдың кемшіліктерін айтып досыңды жамандады. Сенің әрекетің?

2. Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көрді. Менің қалтамда апамның «самса алып жерсің» деп берген ақшасы бар. Кеттік, кино көрейік,- деді. Алмагүл: Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,- деп іркіліп қалды. Ештеңе етпес, **«мектепте болдық»** деп айта саламыз. Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?

3. Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнде кешке қарай мені өзімен бірге серуендеп жүруге шақырады. Ол: «менің анам, сенімен бірге жүргенімді білсе, ол қарсы болмайды»,- дейді. Досым үйінде ата-анасы ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым.. Басында мен қиналмастан, оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұмытпайтын болдым. Менің досымнан ажырағым келмейді. Сонда менің не істеуім керек?

Сендер баланың сұрағына қалай жауап берер едіңдер?



Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңізді пайдалануға тырысыңыздар .

- Ал енді, сөз кезегін біздің қонақтарымызға береміз.

Кері байланыс: **Жүректен жүрекке**

Мұғалім балалардың шеңберге тұрып, сыныптас достарымен қол ұстасып өз бойларындағы жақсы қасиеттерін таныту мақсатында және алған білімдерін қорытындылау үшін бір-біріне жүрекжарды тілектерін айтуды ұйымдастырады.

Сонымен бүгінгі біздің «Адал жол» тақырыбындағы тәрбие сағатымызды жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер. Назар қойып тыңдағандарыңызға Рахмет.



Сауран аудандық адами леуегті дамыту бөлімі  
"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

# Тәрбие сағаты



**Тақырыбы:**

*Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді*

10А-сынып

Дайындаған:

сынып жетекшісі А.Басанов

Қос-қорған - 2022



## «Адалдық жүрген жерде - адамдық жүреді» тәрбие сағаты

**Мақсаты:** Өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Оқушыларға адалдықты өмірде қолдана білудің маңыздылығын түсіндіру.
2. Оқушылардың бойында әділдік, шыншылдық қасиеттерін дамыту.
3. Оқушыларды әділ, шыншыл, адамгершілікпен өмір сүруге тәрбиелеу.

### Мұғалім:

Біздің мемлекетімізде Қазақстандық жастарға лайықты өмірлерін қамтамасыз ету үшін көптеген жұмыстар жасалынып жатыр. Алғашқы елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Қазақстан -2050» стратегиясының басты мақсаттарының бірі жастар саясатының басымдылығы болып табылады. Тіпті жыл сайынғы жолдауларда сіздерге жас ұрпақ деп аранлады: «Сіздер – біздің үмітіміз бен болашағымыздың іске асырушыларсыздар » делінген болатын. Сөзсіз, адалдықты барлық қоғамға жалпы , біркөкөн түрде қалыптастыру қажет. Бүгінгі күні, әрқайсыларыңыз : Адалдық – ұлттың рухани негізі , озық қоғамның өмір нормасы екенін сезіну керексіндер.

Ой қозғау. Нақыл әңгіме «Ынталы , тырысқан отыншы »

Үнемі тырысып жүретін отыншы шырпының адал еңбегімен теріп жүрді. Оған шырпысы үшін жақсы қаражат төлеп, оны үнемі еңбекқорлығы үшін мақтап отыратын . Одан тек бір нәрсені жасырып жүрді: шырпылар инквизицияға, яғни адамдарды өртеуге пайдаланғанын жасырған екен. Инквизиция (XIII ғасырдың басында католик шіркеуі құрған, шіркеуге қарсыларды ерекше қатал қудалаған сот, полиция ұйымы) Нақыл әңгіме не туралы деп ойлайсыңдар ?

Нақыл әңгімеда адамдар өз істерін түсіну керек, олардың зардабын болжау қажет, нәтижесінде жақсылық жасап жатырсың ба ,немесе жамандық жасап жатырсың ба білу керек. Бүгін біздің тәрбие сағатымызда сендермен адам қолымен жасалынған жамандық, зұлымдық дегредацияға әкелетінін талқылаймыз. Ол зұлымдықтың аты-жемқорлық.

Жалпы сендердің түсініктерінде жемқорлық дегеніміз не ?

Адамдарды жемқорлыққа бару себептері неде деп ойлайсыңдар. Ол үшін 1 топ оқушылары 3 минут уақыт ішінде қағаз бетіне жемқорлықтың себептерін жазуылары қажет.

- Мемлекеттік қызметкерлерінің жалақыларының төмендігі
- Заңды білмеу
- Оңай жолмен ақша табу
- Өртүрлі қызметтерде жиі жұмыс орнын ауысуы
- Елдегі тұрақсыздық
- Жемқорлық –ол әдет
- Халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі
- Мемлекеттік институттарының әлсіз дамуы
- Жұмыссыздық
- Азаматтық қоғамдық институттарының дамымауы

2 топ. «Жемқорлық - күрделі әлеуметтік мәселе» екендігін «ПТМС» әдісі арқылы дәлелдеңіздер.

- Позиция (біз солай санаймыз,....)
- Түсіндіру (...себебі...)
- Мысал (біз мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей аламыз....)
- Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймыз....)



3 топ. Жемқорлыққа қарсы күресте менің үлесім .

«Жалғастыр» ойыны арқылы көрсету.

«Не істеуге болмайды?».

- Үлкендердің алдынан..... (кесіп өтуге болмайды.)
- Кішкене баланы.....(жылатуға болмайды.)
- Құстарды.....(атуға болмайды.)
- Қыз баланы.....(ренжітуге болмайды.)
- Сабактан.....(кешігуге болмайды.)
- Сыныпта.....(айғайлауға болмайды.)

«Не істеу керек?»

- Үлкен кісіні.....(сыйлау керек.)
- Үлкеннің тілін.....(алу керек..)
- Үлкендерге.....(сәлем беру керек.)
- Кішілерді.....(қамқорлау керек.)
- Оқу құралдарын..... (күтіп ұстау керек.)

Заңдарды білу керек ..... 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады, «Мемлекет қызмет туралы» (1995) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (1998) ҚР заңдары жатады, БҰҰ 2003 ж 9 желтоқсан күнін халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн деп жариялады.

Сергіту сәті. « Ассоциациялар »

- Егер жемқорлық қандай да бір түс болса, онда қандай түс берер едіңдер ?
- Егер жемқорлық ауа райы болса онда қандай ?
- Егер жемқорлық жануар болса онда қандай ?
- Егер өсімдік болса онда қандай ?

Мына бір видеоға назар аударайық.

1 топ. Адалдық ережесін құру.

1. Айттың ба орында !
2. Сенімді емессің бе , уәде берме !
3. Қателестің бе- мойында !
4. Ұмытып кеттің бе – кешірім сұра.

2 топ. Шығармашылық тапсырма. «Шыншыл адамдар »

Мақал-мәтел : « шындық қайда болса, бақыт сонда».

Алдарына әртүрлі мамандық иелерінің суреттері беріледі. Оқушылар осы маман иелері өз кәсіби мамандықтарына шыншыл болса, бақытты болатынын айтып береді. Аспазшы – балғын көкөністерден тамақ әзірлейді. Дәрігер – ауру адамдарға жақсы дәрілерді жазады. Мұғалім, әскери адам.т.б

3 топ. Төрт терезе әдісі

Адам бойында қандай парасаттылық болу керек ?	Қалай бойымызға сіңіреміз?
Не үшін ?	Нәтижесі ?

Еркін таңдау. Тақтада ұлы адамдардың нақыл сөздері ілінген. Парталарыңда шамшырақтар жатыр, сендер болашақта қандай адам болғыларың келеді, сол нақыл сөздің жанына шамшырақтарыңды орналастырыңдар.

1. Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен. Мұхтар Әуезов
2. Сүйіспеншілік пен құрмет адалдыққа әкеледі. Габриэль Оноре Марсель
3. Адалдық – өмірден қымбат. Ф. Шиллер



4. «Ақиқат жол – жөнекей жұлып ала салатын гүл емес, ол ұзақ жолдың түпкі мақсаты». Гераклит
5. «Адалдық дегеніміз ашық, шыншыл қарым-қатынас». А. Макаренко
6. Ақыл бар жерде шындық бар, өтірік жоқ Ж. Баласағұн
7. Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол»

**Қорытынды сөз.**

Жемқорлық – ол екі басы бар көше. Алатын адам болса, міндетті түрде беретін адам да бар. Сондықтан онымен барлық бағытта жұмыс жасау қажет.

Абай атамыз айтқандай

Сенбе жұртқа тұрсада қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап. Балалар әрқашан өз еңбектеріңізге сеніңіздер сонда ғана жетістікке жетесіздер!!!

№  
09.03.2022м